

Алау ӘДІЛБАЕВ,  
Теология ғылымының докторы

## Сириядағы соғыс сарсаңы

Қазіргі таңда 2011 жылы азаматтық соғыс пілтесі тұтанған Сириядағы майдан күллі адамзат баласын сарсаңға салып қойды. Мыңдаған бейбіт адам қаза тауып, көне мәдениеттер мен сан ғасырлар бойы ислам мәдениетінің бесігі болған Сирия елінен қираған үйінділер қалып, миллиондаған адам елін-жерін тастап, әр елдің есігінен сығалап, баспана сұрап, босқынның күйін кешті. Сан ғасырлық тарихында Сирияның басынан талай соғыстар өтті. Алайда, соңғы соғыстың зардабы бұрынғылардың бәрінен асып кетеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметі бойынша, Сириядан бас сауғалап қашқан босқындардың саны төрт миллионнан асқан, ал оның жартысына жуығын балалар құрайды екен. Қазіргі әлемдегі босқындардың саны екінші дүниежүзілік соғыстан бергі ең ірі көшті құрап отыр. Бұған қоса 8 миллионға жуық адам баспанасынан айырылып, елінен кетудің камында жүр.

Иә, алпауыт елдердің әрқайсысы осы соғысты өз мүддесі үшін қолданып бағуда. Түптеп келгенде, жер, қазба байлықтары және әр елдің өзінің саяси мүддесін көздеген осындай соғыс кезінде өкінішке қарай, мұсылман баласы осы алпауыттардың соғыс құралына айналып, ойыншық болуда. Мәселен, Сирияда Башар Асад билігіне қарсы «Ислам халифатын орнатуды» ұран еткен түрлі «исламдық» топтар қолына қару алып шықты. Олардың арасында ешқандай бірлік жоқ, кіммен кім соғысып жатқанын да білмейді. Қазір, тіпті, Орталық Азия және Қазақстаннан барған соғыс құрбандары бір-біріне қарсы шепте өзара шайқасуда. Бұл соғыстың арқасында ешқандай да исламдық мүдде және жиһад деген нәрсе атымен жоқ. Бұл – мұсылмандар арасында тұтатылған үлкен бүлік.

Ислам тарихына көз жүгірткенде бүліктің мұсылмандардың бірлігі мен қуатына қаншалықты зиян тигізгеніне куә боламыз. Сондықтан, Құран Кәрімде: **«Фитнә адам өлтіруден де жаман»** делінген (Бақара: 191). Сонымен қатар, Құранда бүлік шығарушылардан болмауды ескертіп: **«Алла тағала бүлікшілдерді жақсы көрмейді»** деген (Мәйда: 64). Тағы бір аятта **«Бүліктен сақтаныңдар»** деп, ескертсе (Әнфал: 25), мына аятта **«Жер бетінде бүлік шығарғандарға лағынет болсын»** (Рағыз: 26) деп ескерту арқылы бүлікке араласудың соңы қандай болатындығын баяндаған.

Бүлікшілдікке қатысты хадис жинақтарында арнайы «фитән» бөлімдері де бар. Бұл да өз кезегінде бүлікшілдіктің қоғам өмірінде қаншалықты зиянды екенін көрсетеді. Кейбір мұсылман ғалымдары фитнаға мынадай анықтама берген екен: *«Мұсылмандар арасына жік салу, оларды қиындыққа душар етіп, зиянға ұшырату, күнәға батыру және баскөтеруге итермелеу»* (Хадиқа, Тарикаты мухаммадия, Бәриқа). Ендігі кезекте осы хадистердің бірқатарына көз жүгірте кетсек

Әбу Хурайрадан риуаят етілген хадисте пайғамбарымыз: **«Жақында үлкен бүліктер орын алады. Сол бүлік кездерінде отырғандар тұрып тұрғандардан, жүріп бара жатқандар жүгіріп жүргендерден артық болады. Кім сол бүлікке тап болса, одан алшақ тұрсын»** деген. (Бухари, VIII, 92; Тәфрирул-Қуранил Азим, II, 43; Ибн Мәжә, Сунән II, 3961.) Бұл хадистер бүлікке араласпау қолда шоқ ұстағанмен бірдей болса да, одан алшақ тұру қажеттігін ескертеді.

Пайғамбарымыз мұсылман мұсылманның қанын төгетін бүлік шыққанда, тіпті, үйінің ішіне кіріп өлтіруге дейін барған кезде не істеу керек екенін өсиет еткен кезде «Егер қылыштың жалтылдап, төніп тұруы саған үрей салса, киіміңмен бетіңді бүрке. Келген адам сенің күнәңді әрі өз күнәсін арқалап кетсін» (Әбу Дәуіт, Фитән, 2 (4261), Ибн Мәжә, Фитән, 10 (3958). Пайғамбарымыз бүлік кезінде көп қан төгілетінін айту барысында Әбу Зәррға «Үйіңнің есігін кілттеп, үйінде отыр» деген екен. Бұл фитнаға араласуға тыйым салған хадистердің бірі.

Тағы бір хадисте **«Қияметтің алдында тас қараңғы түндердің бөліктері секілді бүліктер бар. Сондай бүлік кезеңінде кісі мұсылман ретінде таң атырып, кешке кәпір болады, мұсылман ретінде кешке жетіп, кәпір ретінде таң атырады. Сондай бүлік кезінде отырған тұрғаннан, жүріп бара жатқан адам жүгіріп келе жатқаннан артық. Олай болса садақтарыңды сындырыңдар, қылыштарыңды тасқа ұрып сындырыңдар. Сендердің біреулеріңнің үйлеріңе басып кірсе Адам пайғамбардың екі ұлының қайырлысы секілді (өлтіруше емес, өлгені) болсын»** (Әбу Дәуіт, Фитән, 2 (4259), Термези, Фитән, 33 (2205).

Осы хадис қияметтің алдында орын алатын бүліктердің қорқыныштығын білдіру үшін тас қараңғы түннің бөліктеріне ұқсатқан. Сондай кезеңдерде адамдар кімдікі дұрыс, кімдікі қате кекені ажырата алмай қалады. Кімдікі дұрыс, кімдікі қате екенін ажырату мүмкін емес кезде ең дұрысы араласпау.

Имам Нәуәуи бұл хадистерде бүліктің қаншалықты зиянды екеніне назар аударылғанын, қандай жағдайда да оған араласпау қажеттігін, өйткені бүліктің зияны мен зардабының онымен байланысқан сайын арта түсетіндігін айтады.

Хадисте Адам атаның екі баласының ішіндегі жақсысы ретінде Абыл аталады. Неге десеңіз оны бауыры Қабыл өлтіргісі келген кезде **«Сен мені өлтіру үшін қол көтерсең де, сені өлтіру үшін мен қол көтермеймін»** деген (Мәида: 28). Осы аят бүлік кезінде мұсылман баласы қалай әрекет етуі керек екенін білдірген. Фитнә кезеңінде адам өлтіруге қарағанда біреудің қолынан өаза табудың артық екендігі баяндалған. Ислам тарихында осы аятқа сай әрекет еткен әзірет Осман болған. Ол бүлік ұлғайып кетпеу үшін өлтіруді емес, өлуді таңдаған.

Пайғамбарымыз: **«Фитна уақытында құлшылыққа берілу маған хижрат жасағанмен бірдей»** деген (Муслим, Фитән 130 (2948), Термези, Фитән 31, (2202).

Аталмыш хадистерден мұсылман ғалымдары қолдан келгенше қолға қару алудан сақтанып, сабырлық таныту, олардың істеріне араласпай, жалғыз қалдыру, тілді сақтап, жүрепкен жек көре отырып фитнадан алшақ тұру керек екенін ескерткен.

Әнәс (р.а.) Хажжждың залымдығынан әбден титықтаған халық «Не істейміз» деп сұрағанда, **«Сабырлық танытыңдар. Раббыларыңа қауышқанға дейін сабырлық танытыңдар. Өйткені әр туған жаңа күн кешегі күннен де жаман болады»** деп мұны пайғамбарымыздан естігендігін айтқан екен. Миқдад ибн әл-Әсуад ант ете отырып Пайғамбарымыздың: **«Бүліктерге араласпаған адам қандай бақытты»** (Әбу Дәуіт, Фитән 2, (4263)) дегенін естігенін айтады. Бұл хадис бүлікшілердің ойыншығына айналмау керек екенін көрсетуде.

Дінімізде бүлік шығару – харам. Тарихта әрдайым адасқан ағымдар бүлік шығарып, мұсылмандарды бір-біріне айдап салып, қан төгуге себеп болған. Әсіресе бүліктен ең үлкен зиянды мұсылмандар осы соңғы ғасырда тартып отырғаны айқын.

Мұсылман елдерінің көбісі бодан болып, «бөліп ал да, билей бер» саясатының құрбанына айналды. Сириядағы жағдай – осы ащы шындықтың айқын көрінісі. Бұл соғыстан зардап шегіп отырғандар – мұсылмандар. Сондықтан мұсылмандар бүлікшілдердің ойыншығына айналуудан сақ болып, арандатушылыққа түспеуге барын салып, парасаттылықпен әрекет етуі тиіс.

Қазіргі таңда Сирияда жүріп жатқан соғыста қаншама бейбіт адам қаза табуда. Ал ислам дінінде бекүнә бір адамды өлтіру күллі адамзатты өлтірумен тең саналған. Ілгергі мақаламызда айтып өткенбіз, тіпті, ешқандай құқық сақталмайтын соғыс жағдайының өзінде аяусыз адам өлтіруге мүлдем болмайды. Ардақты пайғамбарымыз (с.а.с.) да хадис-шәріптерінде соғысқа қатысты қатаң талаптар қойған. Пайғамбарымыз соғысқа кетіп бара жатқан қолбасшыларына мынадай ескертулер жасаған: **«Алланың атымен жолға шығыңдар. Алла жолында күресіңдер. Соғысатын адамдарыңмен араларыңда келісімдер бар болса, оны қадағалаңдар. Шектен шықпаңдар, соғыс кезінде өлтірген адамдарға «мүсле» (өлі денелерін тілгілеп, көздерін ойып, мұрындарын кеспеңдер) жасамаңдар. Балаларды, әйелдерді, қарт кісілерді, гибадатханалардағы адамдарды өлтірмеңдер»**. Тіпті, жараланған жау әскерлерінің өзіне көмек көрсетуді бұйырып, ағаштарды, егін алқаптарын өртеуге тыйым салған (Ахмед ибн Ханбәл, Муснәд, 1/300. Әбу Дәуід, Жихад, 82). Ислам дінінің бұл дәстүрін Пайғамбарымыздан кейін келген халифалар мен мұсылман елдері басшылары қатаң ұстанып отырды. Шарифаттың бұл заңдылығын ешкім алып тастаған емес. Бұл ерекше мән берерлік жәйт.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жүргізген шайқастарына үніліп қарар болсақ, көп адамның өлмегенін көреміз. Яғни, пайғамбарымыз зұлымдықты тоқтату үшін үлкен күш салумен қатар, бір адамның өмірін сақтап қалу үшін өте үлкен күш-қайрат жұмсағанын көреміз. Өйткені, ол соғыс кезінің өзінде астамшылық пен шектен шығушылыққа жол бермеген. Ал қазіргі ДАИШ-тіктердің жасап жатқан бейкүнә адамдарды малша, аяусыздықпен, өте жиіркенішті түрде қырып-жоюлары қай шарифаттан алынған? Негізінде, ол лаңкестердің жасап жатқанының жиһад түгілі, исламға мүлдем қатысы жоқ. Олар – өздерін мұсылман санап, исламды мүлде тани алмаған сауатсыз, қараңғы, бәдәуи саналы адасушылар. Сонымен қатар «Бақара» сүресінің 190-аятындағы **«Өздеріңмен соғысқандармен Алла жолында соғысыңдар да шектен шықпаңдар. Негізінен Алла (Т.) шектен шығушыларды жақсы көрмейді»** деген аяттағы «Өздеріңмен соғысқандармен» деген тіркес тек қолында қаруы бар адамдармен ғана шайқасып, қолында қаруы жоқ бейбіт халыққа қарсы қару көтермеу керек екенін және соғыс кезінде яки біткеннен соң «шектен шықпау» қажет екендігі қатаң түрде ескертуде.

Осындай сұрапыл соғыста бейкүнә жас сәби мен балалардың өте ауыр жағдайы жан сыздатады. Иә, адамның ең тәтті де ұмытылмас шағы – балалық шақ қой. Кез келген елде балалардың дұрыс өсуі, білім алу, денсаулығын сақтау, құқықтарын қорғау мақсатында қолдан келгеннің бәрі жасалып, балаларға өмірдің тауқыметін тарқызбауға күш салынады. Осы мақсатта балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі алғашқы ұйым әлемде 1919 жылы құрылды. 1924 жылы Ұлттар лигасының Женева бала құқықтары туралы декларациясы, 1959 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының Бала құқықтары декларациясы қабылданды. 1989 жылы бала құқықтары туралы конвенция қабылданды.

Ислам діні бұл мәселеге сонау VII ғасырдан бастап баса назар аударып, дүниеге келген сәбиді Жаратушы Алла тағаланың берген сыйы деп біліп, жарқын болашағы үшін көптеген құқықтар таныған. Жаратушының адам болмысына дарытқан мейірімділігінен туындаған осындай құқықтар арқасында пәк көңілді балалар ойнап-күліп, ата-анасының аялы алақанына бөленіп, балдәурен шақтарын өткізеді. Иә, солай болғанын кеудесінде адамдық қасиет бар кез келген адамның қалары сөзсіз. Алайда, қазіргі соғыс

жағдайындағы Сирияда мұның бірі де жоқ. Сұрапыл соғыс жас-кәрі, бала демей шетінен жалмап жатыр. Анасының құшағында, отбасының ортасында былдырлап, ата-анасының көз қуанышына айналатын сәбилердің өмірдің ешқандай қызығын көрмей, оқ құшып, аянышты халде жан тапсырып жатқан көріністеріне куә болып, орнына өз балаңды қойып көруге тырысқан ешбір адамның жаны шыдамайды. Тірі қалған күннің өзінде балалықтың балдәурені көзден бұлбылдай ұшып, ата-ана, туған-туыстарынан айырылып далада зар жылап қалған бүлдіршіндердің көзінде қорқыныш, болашақтан ешбір үміттері жоқ. Естеріңізде болса, «E-ISLAM» порталында жарияланған фотографтың қолындағы аппаратынан, суретке түсірудің өзінен сескеніп, қолын көтеріп тұрған баланың суреті осы ауыр жағдайды бейнелейді. Ал мәселеге ислам діні тұрғысынан қарар болсақ, баланы өлтіру былай тұрсын, тіпті ананың құрсағындағы баланың өзіне түсік жасатуға тыйым салынған. Бұл ислам дінінің сәбилердің өмір сүру құқығын қорғауға қаншалықты мән бергенін көрсетеді.

Сондықтан да мұсылман баласы асығыстықпен шешім қабылдамай, ислам дінінің өміршең қағидалары шеңберінде қоғам тыныштығы мен бақыты үшін ұзақ ғұмырлы жоспарлар құрып, жақсылық жаршыларына айналып, адамзатқа үлгі болуға тырысу жиһадтың ең ұлығы әрі абыройлысы болмақ.